

ТУУЫ

ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

ль Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

шаруашылығы қызметкерлерінің Сталин жолдасқа лған міндеттемелерін орындау шаралары туралы

тан К(б)П Орталық Комитеті үшінші пленумының қаулысы

ығын өркендеген жоспарын басты себеп және ауыл іні социалистік басшылық жа іді. Колхоздар а- малшаруашы- вхоздардағы са- тың дәрежесі хатта алынған өскелең талаңқа я ұйымдарының к жоқ. Ол көп ІТС-тердің, ма- танциялары мен рған нақтылы іледі.

(большевиктер) былық, аудан- тшина -малшар- ректорларының

шаруашылық станциялары мен совхоздар- дың директорларын социалистік жарысқа басшылық жасаудағы кемшіліктерді жою- га, бұқараның еңбектегі және саяси бел- сенділігін, әрбір колхоздың, МТС-тің, ма- шина- малшаруашылық станциялары мен совхоздың алған міндеттемелерін орын- дауын қамтамасыз етуге міндеттендіреді.

3. Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті- нің пленумы Қазақ ССР ауыл шаруашы- лығы, совхоздар, мақта шаруашылығы, су шаруашылығы министрліктерін, Қа- зақ ССР Министрлер Советі жанын- дағы жоғарғы су шаруашылығы бас- қармасы мен жоғарғы құрылыс бас- қармасын, ССРО дайындау Министрлі- гінің Қазақ ССР-індегі өкілін, Қазақстан К(б)П облыстық комитеттері мен аудан- дық комитеттерін, облыстық атқару ко- митеттері мен аудандық атқару комите- терін қоғамдық мал шаруашылығын өр- кендетуге басшылықты батыл жақсартуға

1952 жылы ауыл шаруашылығын онан сайын өркендету жөнінде міндеттеме- лер ала отырып, біз бұл міндеттемелерді орындауды көздейтін социалистік жарысты кең өрістетеміз, еңбек тәртібін нығайта береміз, еңбектің ұйымдас- тырылуын жақсарта береміз, әрбір колхоздың, совхоздың, машина-трактор, машина-малшаруашылық, машина-мелиорация станцияларының барлық қорларын толық пайдаланамыз, колхоздардың қоғамдық дәулетін көбейте беру үшін, елі- мізде азық-түлік молшылығын жасау үшін күресеміз, сөйтіп, сүйікті Отанымыз- ды көркейту ісіне, елімізді коммунизмге қарай онан сайын алға бастыру ісіне лайықты үлес қосамыз.

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы еңбекші- лерінің И. В. Сталин жолдасқа хатынан.

індегі өкіліне, Қазақ ССР ет және сүт өнер- кәсіп министрлігіне және Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігіне, Қазақ ССР совхоздар министрлігіне, Қазақстан тұ- тынушылар одағына, Қазақстан К(б)П облыстық комитеттері мен облыстық Со- веттердің атқару комитеттеріне болып отырған елеулі кемшіліктерді кешікпей жоюға, мемлекетке сүт тапсыру және мал майын өндіру жоспарларының Сталин жолдасқа арналған хаттары міндеттеме бойынша белгіленген мерзімде орында- луын қамтамасыз етуге міндеттейді.

Июль — август және сентябрь айлары сүтті барынша көп алу ісінде шешуші айлар болып табылатынын ескере оты- рып, сүт тапсыру жөнінде сүт тапсыруға арттырылған тапсырмалар белгіленсін, әрбір колхоз, совхоз бойынша, көмекші шаруашылық және басқа сүт тапсыру- шылар бойынша міндеттемелердің толық және артығымен орындалуы қамтамасыз

нистрлігіне, совхоздар министрлігіне, мақта шаруашылығы министрлігіне, су шаруашылығы министрлігіне, ССРО дайындау министрлігінің Қазақ ССР -індегі өкіліне, Қазақстан К(б)П облыстық комитеттері мен аудандық комитеттеріне, облыстық Советтердің атқару комитеттері мен аудандық Советтердің атқару комитеттеріне мыналар міндеттелсін:

а) әрбір колхоз бен совхозда барлық ауылшаруашылық дақылдарынан өнім алудың жоспарлары барлық егіс көлемі бойынша толық және артығымен орындалатын болсын, әсіресе, күздік және жаздық бидай, тары, мақта, қант қызыл- шасы, темекі, махорка, көпжылдық және біржылдық шөптер, жемшөптік және сүт- леуге арналған дақылдар жөнінде белгі- ленген жоспарды орындау қамтамасыз етілсін; бұл дақылдарды нақтылы және жоғары сапалы күту жұмысы қамтама- сыз етілсін;

не Жамбыл облыстарының қант қызыл- шасы мен темекі өсіретін колхоздары мен совхоздарында бұл аса маңызды техника- лық дақылдардан жыл сайын аз өнім алынып келе жатқандығын, мемлекетке темекі және қант қызылшасын өткізу жоспарларының орындалмауын бұдан бы- лай төзуге болмайтын жағдай деп есеп-тейді. Қазақстан К(б)П Орталық Комите- тінің пленумы К(б)П Орталық Комитетінің пленумы К(б)П Талдықорған, Ал- маты және Жамбыл облыстық, аудандық комитеттері мен селолық бастауыш пар- тия ұйымдарынан, совет және ауылшаруашылық орындарынан қант қызылша- сы мен темекі өсірудегі артта қалушы- лықтың жойылуын, барлық колхозшы- ларды, тракторшыларды, агрономдарды қызылша мен темекі плантацияларын дер кезінде және жоғары сапалы етіп күтуге жұмылдыруды, сөйтіп мемлекет алдында- ры міндеттемелерді әрбір қызылша және темекі ететін колхоздар мен совхоздар бойынша сөзсіз орындау ісін қамтамасыз

уына әкеліп соқты.

Әресе, Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарының колхоздарында малдың өте-мөте көп өлуіне жол берілді. Сол сыяқты, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қокшетау, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының колхоздарында да малдың шығыны едәуір көп болды.

Қоғамдық малдың өлімінен көп шығын болуымен қатар, республиканың көптеген колхоздарында малды ішкі шаруашылық қажеттерге жұмсау, жаппай талан-таражға салу әлі етек алуда. Колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығының өнімі өте төмен, мал шаруашылығының өнімдерін мемлекетке тапсыру жоспарлары қанағаттанғысыз орындалып келеді, оның үстіне осы өнімдердің көп бөлегі ішкі шаруашылық қажеттерге жұмсалып жүр.

Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын және мал шаруашылығының өнімін арттыру жөніндегі жоспарлы тапсырмалардың орындалмауы, малдың көп шығын болуына жол берілуі және колхоздар мен совхоздардың барлық ішкі қорларын пайдаланбау шаруашылықтардың табысы аз болуына, мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарларының орындалмауына және етін шілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің, сол сыяқты, ақшаның колхозшылардың еңбеккүніне аз берілуіне әкеп соқтырады.

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығына берік жемшөп қорын жасау жөніндегі партия мен үкметтің сан рет жасаған ескертулеріне қарамастан, көптеген партия, совет және ауылшаруашылық орындарының басшылары жемшөп дайындау мәселесіне бұрынғысынша жеткілікті көңіл бөлмейді, жоғарғы партия, совет орындарының тиісті нұсқауларын орындауда тәртіпсіздікке салынууда. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің екінші пленумында тағайындалған шөп шабуға әзірлік және оны бастау жөніндегі мерзім республиканың көп колхоздары мен совхоздарында бұзылды, ал, пішен шабу мен шөп сүрлеудің барысы қанағаттанғысыз.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің

бөтен совхоз өндірісіне баюу енгізеді.

Қазақстан кәсіподақ Советі мен Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті социалистік жарыс мәселелерімен нашар шұғылданады және совхоз, МТС, машина-малшаруашылық станцияларының және село жастарының арасында жарысты өрістетуде жергілікті кәсіподақ және комсомол ұйымдарының ролін арттыруға жеткілікті шара қолданбайды.

Аудандық, облыстық және республикалық газеттер социалистік жарыстың барлығын жеткілікті жазып отырмайды. Ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесі мен табыстарын аз насихаттайды, жарысты ұйымдастырудағы және оған басшылық етудегі кемшіліктерді деркезінде ашып отырмайды, колхоздардың МТС, машина-малшаруашылық станциялары мен совхоздардың партия ұйымдары озаттардың тәжірибесін насихаттау үшін және ауыл шаруашылығының қызметкерлерін социалистік міндеттемелерді ойдағыдай орындауға жұмылдыру үшін қабырға газеттерін, радионы, киноны нашар пайдаланады.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы **қаулы етеді:**

1. Республиканың партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, ауылшаруашылық және дайындау орындарының, колхоздарының, МТС, машина-малшаруашылық станциялары мен совхоздарының, барлық коммунистердің, комсомолецтердің, колхозшылардың, колхозшы әйелдердің, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің аса маңызды саяси шаруашылық міндеті — Сталин жолдасқа жазған хатта алынған міндеттемелерді толық және асыра орындау болып табылады деп есентейді.

2. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы Қазақ ССР ауыл шаруашылығы, совхоздар, мақта шаруашылығы, су шаруашылығы министрліктерін, Қазақстан кәсіподақтар Советін және олардың жергілікті орындарын, ҚК(б)П облыстық комитеттерін, аудандық комитеттерін, облыстық атқару комитеттері мен аудандық атқару комитеттерін, бастаулы партия ұйымдарын, МТС, машина-мал-

детудің мемлекеттік жоспарын орындау шаралары туралы» қаулысында тағайындалған мерзімде жазғы шағылыстыру жұмысы ұйымдастырылсын;

г) малды жайып семірту және бордақылау жақсартылсын, колхоздар мен совхоздардың практикасына шошқаны семірту кеңінен енгізілсін, сөйтіп, мемлекетке етке семіз және қоңы ортадан жоғары мал тапсырылуы, мемлекетке шошқа етін тапсыру жоспарының толық және артығымен орындалуы қамтамасыз етілсін;

д) әрбір колхоз бен совхозда барлық қырқылған жүнді мемлекетке тапсыру аяқталсын, сонымен қатар, қозы жүнін қыркү және қылшық жүнді қойларды күзде қыркү **ұйымшылдықпен** өткізілсін;

е) әрбір колхоздың, совхоздың, көмекші шаруашылықтың және барлық жеке адамдардың мемлекетке ет, сүт, тері және басқа да мал шаруашылық өнімдерін тапсыру жоспарын текқана жоғары сапалы өнімдер есебінен және социалистік жарыста алынған міндеттемелерде көрсетілген мерзімдерде сөзсіз орындауы қамтамасыз етілсін;

ж) мал қыстатуға әзірлік деркезінде және үлгілі жүргізіліп, мал қораларын, колхозшылар мен совхоз қызметкерлеріне арналған тұрғын үйлер мен мәдени-тұрмыс үйлерін жөндеу және жаңадан салу мал қыстату басталғанға дейін аяқталсын.

4. ССРО дайындау министрілігінің Қазақ ССР-індегі өкілі, Қазақ ССР ет және сүт өнеркәсібі министрілігі, Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрілігі, Қазақ ССР совхоздар министрілігі және Қазақстан тұтынушылар одағы, көптеген КК(б)П облыстық комитеттері мен облыстық Советтердің атқару комитеттері сүт дайындауды күшейту жөнінде ешбір шара қолданбағанын, соның салдарынан сүт дайындау және мал майын өндіру жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз болып отырғаны атап көрсетілсін. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы сүт дайындау және мал майын өндіру жөніндегі жағдайдың мұндай нашарлығына бұдан былай төзуге болмайды деп есептеп, сүт дайындау министрілігінің Қазақ ССР-

а) колхоздардағы, МТС-тердегі, машина-малшаруашылық станцияларындағы және совхоздардағы механизмдердің бәрі кешікпей пішен шабуға, жемшөп сүрлеуге жегілсін, олардың жұмыс өнімділігі арттырылсын, жемшөп дайындауға колхозшылар, МТС-тер мен машина-малшаруашылық станцияларының, совхоздардың қызметкерлері жеткілікті мөлшерде бөлінсін, оларға қажетті материалдық-тұрмыс жағдайлары жасалсын;

б) әрбір колхозда, совхозда және ауданда табиғи шабындықтардың барлығын шабу жұмысы қамтамасыз етіліп, қажет болған жағдайларда пішен шабатын техникаларды колхоздардың, совхоздардың және аудандардың бірінен екіншісіне ауыстыру, сол сыяқты, колхоздар мен совхоздардың малдарын қайта топтастыру шаралары қолданылсын;

в) республиканың колхоздары мен совхоздарында пішенді шабу мен маялаудың арасындағы алшақтықтар жойылсын және бұдан былай оған жол берілмесін.

г) әрбір колхоз бен совхозда жемшөпті мал қыстайтын жерлерге тасу және пішенді байлап үю жұмыстары ұйымдастырылсын, бұған, әсіресе, республиканың оңтүстік облыстарында ерекше көңіл аударылсын.

6. Быйғы жылы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстарында шөптің шығымы жақсы екенін ескере отырып, мыналар тапсырылды:

а) Қазақ ССР Министрлер Советі бұл облыстардың колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындаудың арттырылған тапсырмаларын белгілесін, осыған байланысты оларға техника, механизатор кадрлары және жұмысшы күші жөнінде көмек көрсету тапсырылсын;

б) Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстық партия комитеттері мен облыстық Совет атқолдері жемшөп дайындаудың белгіленген жоспарын толық және артығымен орындауға, сонымен бірге шабылмаған бірдебір шабындықтың қалдырылмауын қамтамасыз етуге міндеттелсін.

7. Қазақ ССР ауыл шаруашылығы ми-

кадрлар іріктеу кемесінің әрбі істеп, жаңа е бірдей қабыл аяқталсын.

8. Қазақ ССР министрілігіне, министрлігіне, ССРО Дайындау ССР-індегі өкілдік және облыстық Советтерге және аудандық комитеттеріне егін тылы өрістету не майлы дау барынша қыс астық пен ма нау басталған астық тапсырып және тег есебінен орын міндеттелсін. бастырудың а бір колхоз бе дындағы мінд дайындау оры кун сайын қа рылсын.

9. Қазақ министрілігіне, министрлігіне, және Қызыл партия комит аудандық Советіне мақта өсіті жою міндеткерлердің шіліктерді ау нан деп т айыпталсын. ту жөнінде п лып, мақташ жарысты бар мемлекетке м міндеттеменің аудан бойын масыз етілсін. 10. Қазақ тінің пленум

митеті үшінші пленумы соңы

жоғары ма-рылуы қамтамасыз етілсін, бұл жұмысқа
н (тракто-седәлік интеллигенция кеңінен қатыс-
здігінен жү-тырылсын, үгіт коллективтерінің үздіксіз
ашинистерін жұмыс істеуі жолға қойылсын, партич
еол сыяқ-мен үкметтің маңызды қаулы-қарарла-
алшаруашы-рын және халықаралық және ССРО-ның
ия станция-ішкі жағдайын, кезектегі саяси-шар-
асауға қа-уашылық міндеттерді баяндайтын баянда-
деттеді. малар тыңдалатын үгітшілердің семинар-
та-малшар-лары өткізілсін. Социалистік жарыстың
рация стан-қорытындылары кеңінен әйгіленіп отыр-
мамандары-сын, міндеттеменің орындалу қорытын-
ша колхоз-дылары қабырға газеттері мен жауынгер-
ғайындалған-лік листоктарға үзбей жазылсын, көрсет-
ы сапалы-кіш тақталарына бір күнгі жұмыс нәти-
ілігі кү-желері жазылып отырылсын, сойтіп,
ауыл шаруашылығы алдыңғы қатарлыла-
ығы ма-рының табыстары ауыл шаруашылығы
паруашылы-еңбекшілерінің қалың бұқарасының ис-
5)П облыс-лігіне айналдырылсын, ал, кемшіліктер
к атқару-мен қателіктер бұқаралық сынға алынып,
ім ішінде мақұпалы жойылып отыратын болсын.

21. Қазақстан кәсіподақ Советі, Қазақ-
стан ЛКЖО Орталық Комитеті, Қазақстан
К(б)П облыстық және аудандық комитет-
тері мен бастауыш партия ұйымдары
колхоздардың, совхоздардың, машинч-
трактор, машина-малшаруашылық және
машина-мелиорация станцияларының
кәсіподақ және комсомол ұйымдарына
басшылықты жақсартуға, ауылшаруашы-
лық дақылдарынан мол өнім алу және
қоғамдық малшаруашылығын өркендету
жолындағы социалистік жарысты өрісте-
ту ісінде олардың ролін күшейтуге мін-
деттелді.

Комсомол мүшелері мен одақта жоқ
жастарға коммунистік тәрбие беру, кол-
хоз жастарын жұмыстың озат әдістері
мен тәсілдеріне үйрету ісі жақсартылсын.

22. Қазақстан К(б)П Орталық Комите-
тінің пленумы Қазақстан К(б)П облыстық
және аудандық комитеттерін әйелдер ара-
сындағы саяси-тәрбие және мәдени-
ағарту жұмыстарын

және мәдени-ағарту жұмыстарын



Павлодар облысы, Ертіс ауданындағы Северный астық совхозының мектеп балалары жазғы демалысты көңілді өткізіп жатыр. Олар оқытушылардың және пионер вожатыйларының бастауымен туған өлкеге саяхатқа шығады, қызықты кітап тар оқиды.

СУРЕТТЕ: Оқытушы А. Казанцева Ертіс өзенінің жағасында пионерлерге М. Горькийдің кітабын оқып отыр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ТАМАША КОНЦЕРТ

ССР Одағының Ленин орденді Мемлекеттік Үлкен академиялық опера және балет театры бишілерінің қаламыздың жазғы театрында және Ленин атындағы клубта болған концерттері зор табыспен өтті.

... Сахнада жас бишілер Тамара Ветрова мен Юрий Захаров. Олардың мәнерлі қозғалыстары адам сезімін бейнелейді. Олар П. И. Чайковскийдің «Шелкунчик» балетінен үзінді орындады. Бұлардан кейін сахнаға шыққан Л. Хлюстова мен Н. Симачев М. И. Глинканың «Иван Сусанин» операсынан мазурка орындады. Бұл дарынды бишілердің қыймыл-қозғалысына, би мазмұнына сәйкес драмалық құбылыстарынан орыстың ұлы композиторының мәңгі өшпес операсындағы бидің терең мазмұны айқын айқарылды.

не терең бойлау арқылы есте қаларлық образдар жасай білген.

Концерттерде артистка Е. Фарманиянның дарындылығы ерекше көзге түсті. Драмалық толқын, орынды қыймыл-құбылыс, би мазмұнына сәйкес алуан түрлі әдемі мәнер — бұл актрисаға тән қасиеттер. Е. Фарманиян билеген тәжік, цыган билері бишілік өнердің осы қасиеттері толық сақталып орындалды.

Концерт программасына енгізілген «Қазақ биі» деп аталатын бидің мазмұны бізге түсініксіз болды. Бұл биден қазақ халқының би өнеріне сәйкес қыймылды да, оның музыкасынан бұл халықтың музыка өнеріне тән үн ырғағын да аңғара алмадық.

Үлкен театр концерттерінің 4

Жак Дюклоның босатылуы жайында ПАРИЖДЫҢ ШАҒЫМ СОТЫ ТЕРГЕУ ПАЛАТАСЫНЫҢ ЖАК ДЮКЛОНЫ БОСАТУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРЫ

ПАРИЖ, 2 июль. (СОТА). «Юманите» газеті бүгін Париждың шағым соты тергеу палатасының Жак Дюклоны түрмеден босату жөніндегі қарарын жариялады.

«Тергеу жүргізгенде Дюкло мырзаның 28 майдағы манифестацияға белсене қатысқандығы немесе жанама түрде қатысқандығы анықталмағандығын; оны қылмыс жасаған жерде ұсталды деген фактінің анықталмағандығын; француз конституциясы бойынша парламент мүшесін егер оның парламентке қатысы жоқтығы жөнінде қарар болғаннан кейін ғана сот жөльмен қудалауға болатындығын еске ала отырып, тергеу палатасы Жак Дюклоның тұтқындалуы жөніндегі ордерді жояды, оған қарсы қозғалған сот қудалауын қысқартады және оны босату жөнінде бұйрық берді».

ПАРИЖ, 2 июль. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, түрме үйі алдына жыйналған жүздеген адамдар Жак Дюклоның «Сенте» түрмесінен шыға бергенде «Дюкло жасасын!» деген ұранмен құттықтаған.

Кореядағы оңыйғалар

КОРЕЙ ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 2 июль. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 2 июльде былай деп хабарлады:

Бүгін корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, майданның жекелеген учаскторінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді, айта қаларлықтай өзгерістер болған жоқ.

Зенит бөлімдері және жау самолеттерін

лығы басқармасын, облыстық және аудандық партия комитеттері мен облыстық және аудандық атқару комитеттерін машина-трактор, машина-малшаруашылық және машина-мелиорация станцияларына басшылықты жақсартуды, тракторлардың, комбайндар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарының еңбек өнімді

машина-трактор, машина-малшаруашылық станциялары мен совхоз қызметкерлері арасында саяси-бұқаралық жұмысты күшейтуді, отардағы мал шаруашылығы қызметкерлері арасында саяси-бұқаралық жұмысты ұйымдастыру ісіне ерекше көңіл бөлуді талап етті. Партия және совет активінің селода саяси жұмыс жүргізуге қатысты-

митеттеріне газеттерге басшылықты жақсарту, барлық аудандардың, колхоздардың, МТС, машина-малшаруашылық станциялары мен совхоздардың Сталин жолдасқа берілген сертті орындау жолындағы социалистік жарысын өрістетуді және олардың насихатшылық және ұйымдастырушылық ролін күшейту тапсырылды.

бұл жұмыстарды 1 августқа дейін аяқтауды ұйғарды. Республика ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің ұлы көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатын талқылағаннан кейін құрылыс жұмыстарын басқарушы радиотехник А. Донских жолдас өз бригадасымен бірге бұл мерзімді 15 күнге қысқартып, радиоландыру және телефондандыру жөніндегі жұмыстарды 15

тады. Колхозды Сталин атындағы комитеті Испиев жолдас көрсетуде.

Таяудағы күндері біз дағы колхоз және МДБ-ден қорғанып болмақ.

Петропавлдың 200 жылдығына

I. Қаламыздың өткендегі тарихынан

Осы жылғы 12 июльде Петропавл (Қызылжар) қаласының салынғанына 200 жыл толады.

Қаланың және облысымыздың жұртшылығы бұл күнді атап өтуге әзірлік жасауда.

Газетіміздің бүгінгі санынан бастап Петропавл қаласының тарихы жөнінде мақалалар бере бастаймыз.

Петропавл (Қызылжар) қаласы қазақтар өздерінің ежелгі жаулары — жонғарлармен (калмақтармен) тынымсыз соғыс жүргізіп жатқан уақытта салынды. Жонғарлар өздерінің жантүршігерлік жауыздықтарымен халықтық өшпенділігіне душар болған басқыншылар еді. Олар өздерінің шабуыл жасаған жерлерінде емшекті баладан еңкейген кәріге дейін халықты қырғынға ұшыратып отырды. Қазақ халқын жаппай қырып жіберу хауіпін жонғарлар тарапынан Қазақстанның басына қара бұлттай төнді. Осы қиыншылық уақытта қазақтар Россия мемлекетінің қоластына кіруді қажет деп есептеді. Өйткені, қазақ халқының Россия мемлекетінің көмегісіз шетел басқыншыларының шабуылына төтеп бере алмайтындығына көзі жетті.

Қазақтар Россия қоластына кіргеннен кейін Қазақстан даласында жонғарлардың батысқа жасаған шабуылына кедергі боларлықтай қорғаныс бекініс орындары салына бастады. Осы бекініс орындарының

қатарына Жаңа Есіл соғыс линиясы кірді. Бұл Тобыл өзенінен Ертіске дейін созылып, оның негізгі бекінісі орны 1752 жылғы 12 июльде салына бастаған Петропавл (Қызылжар) болды.

Патша үкіметі Есіл линиясын жасаумен қазақ даласына Россияның ықпалын күшейтуді де көздеді. 1759 жылы Петропавлда қазақтармен сауда жасайтын арнаулы орын ашылды. Осыдан бастап Петропавл үлкен сауда пунктіне айналды. Оның сауда айналымы өте үлкен болды. 1770 жылдары Есіл мен Ертіс жағаларында салынған барлық сауда пункттерінің сауда жөніндегі айналымынан оның сауда айналымы әлде қайда артық болды.

1782 жылы Петропавл бекінісінде сұлтан Уәли Орта жүздің ханы болып жарияланды. Осыдан бастап ханның қысқы сарайы Петропавлда болды. 1821 жылы хандар өкіметі жойылып, Петропавл Қазақстанның орталық облыстарының сауда жөніндегі орталығы

ғана емес, саяси жөніндегі орталығына айналды. Патша үкіметінің отарлау саясатының көлеңкелі жақтарына және купецтер мен әскери бастықтардың, әртүрлі казактардың тонаушылық әрекеттеріне қарамастан, Қазақстанның Россияға қосылуының үлкен прогрессивтік мәні болды. Петропавлда және басқа дала бекіністерінде қазақтар жабайы орыс адамдарымен кездесіп, оларды біле бастады, олардың жонғар басқесерлеріне ешбір ұқсамайтындығын бірден танып, қазақтар орыс адамдарымен жақындаса бастады, түсінісіп достаса бастады. Қазақ даласына орыстың озаң мәдениеті тарай бастады.

Жаңа линиядағы тұрғын орыстар арқылы Солтүстік Қазақстан даласына жер өңдеу, бау-бақша егу кәсіптері таралды.

Білімнің алғашқы сәулесі Россия арқылы Қазақстан даласына шашырай бастады. Кейіннен XIX ғасырдың ішінде қазақ тілінде сабы тым аз болса да мектептер ашылды.

Бір сөзбен айтқанда, Солтүстік және Орталық Қазақстан далалары үшін Петропавл белгілі дәрежеде цивилизациялық роль атқарғаны мәлім.

Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі кезінде көшпелі кедей қазақ ауылдары Пугачев жағына шықты. Петропавл маңындағы жайлаудағы қазақ ауылдары үлкен толқушылыққа түсті. Тек патша үкіметінің тарапынан қолданылған шұғыл соғыс әрекеттері ғана қазақ даласына бұл көтеріліс толқынының кең жайылып кетуін тоқтатты.

1807 жылдан бастап Петропавл бекінісі қалпында қалуымен бірге, енді қала болып аталды. XIX ғасырда және XX ғасырдың басында Петропавлдағы сауда айналымының мөлшері миллиондаған сомға жетті. Тіпті XIX ғасырдың орта кезінде Петропавлда миллионнан астам мал басы саудасы болып тұрды. Петропавлдан Ташкентке, Бұхарға және Қытайға жүк түйелген кірелер үздіксіз тартылып жатты. Қала базарынан ол уақытта Ташкент, Бұхар, Қытай, орыс купецтерін көптеп кездестіруге болатын еді.

1895 жылы Петропавлға темір жол салынғаннан кейін қазақ даласына ағылшын-американ капиталистері де қожалық ете бастады. Петропавлдан Америкаға ешкі терілері, Лондон мен Данияға кой терілері, май, құс, Бельгияға терітерсектер лек-легімен жөнелтіліп жатты. Ағылшын-американ фирмаларының өкілдері тікелей Петропавлға келіп, мал шаруашылығының өнімдерін сатып алып, еттеріне жөнелтіп отырды. Бұл азық-түліктердің бір бөлегі өңделіп (мәселен, былезры болып), Америка мен Бельгиядан қазақ даласына әкелініп жатты. Шетел капиталистері Қазақстанда тым арзан сатып алған шикізаттарды өз елдеріне апарып өңдеп, қазақтарға бірнеше есе қымбатқа қайта сатты. Сөйтіп, әсіресе, қазақ еңбекшілерін ашықтан-ашық тонап отырды.

Патшалық самодержавие Сибирьде салынған басқа қалалар сияқты, Петропавлды саяси жөнінен тұтқындалған адамдарды жер аударатын орынға айналдырды.

1830—1831 және 1863 катысушы поляк ревныңнан халықшылар, аяғынан бастап жұмнан шыққан революционда айдауда болды.

Қазақ даласынан хауіптің жоқ екендігі үкіметі 1876 жылы С.барлық бекіністер сынысін де жойды.

Орыс және қазақ революциялық қозғалысы Петропавл белгілі мәні XIX ғасырдың аяғындағы (темір жол мәстерімен мұнда өнеркәсіпатша үкіметіне қарсы сін жасты. Бірінші сол ұйым Петропавлда 190 Петропавл пролетариаттардағы бірінші орыс сене қатысты. Совет ітұрушылардың бірі, авик Валериан Владимұнда осы кезекте Ом келіп тұрып, революциягіді.

Петропавлдағы орысшылары бірінші ревпатша үкіметіне қарсы өздерін әзірлей бастады.

мұғалімдердің білімін тының тарих кабин

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция мен облыстық газеттер баспасының әділдік және қорғаныс бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс е